

7– ТАҚЫРЫП. ТАСЫМАЛДАУ ЛОГИСТИКАСЫ

аға оқытушы

Аликбаева Айнур Башановна

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Тасымалдау логистикасының мәні мен мәселелері
2. Көлік құралының түрін таңдау
3. Көлік тарифтері мен оларды қолдану ережелері
4. ҚР көлік тасымалдау құқығының негізі

**1.ТАСЫМАЛДАУ
ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ
МӘНІ МЕН
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Көлік жүйе ретінде 2
элементтен тұрады

```
graph TD; A[Көлік жүйе ретінде 2 элементтен тұрады] --> B[Жаппай пайдаланылатын көлік]; A --> C[Жаппай пайдаланылмайтын көлік];
```

*Жаппай
пайдаланылатын
көлік*

*Жаппай
пайдаланылмайтын
көлік*

***Жаппай
пайдаланылатын
көлік***


– жүк және адамдарды тасымалдауда халық шаруашылығының барлық салалары мен тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын халық шаруашылығының саласы.

Жаппай тасымалдау айналыс саласына және тұрғындарға қызмет көрсетеді. Оны, әдетте, магистральды деп те атайды (магистраль – белгілі бір жүйедегі негізгі басты сызық, бұл жағдайда – қатынас жолдар жүйесі). Жаппай тасымалдау түсінігі темір жол көлігін, су көлігін (теңіз және өзен), автомобиль, әуе көлігін және құбыр көлігін қамтиды.


Жаппай пайдаланылмайтын көлік

– өндірісішілік көлік, сондай-ақ тасымалдаумен маманданбаған кәсіпорындарына жататын көлік құралдарының барлық түрлері және белгілі бір өндірістік жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады. Мысалы, жүк көтергіш кран, сүт тасушы, су тасушы арнайы көлік түрлері және т.б.


Көліктің бірнеше түрін қолданғандағы тасымалдауды логистикалық ұйымдастыру.



Көліктің бірнеше түрінің қатысуымен жүргізілетін тасымалдауды дәстүрлі ұйымдастыру



*Шартты
белгілер:*



Ақпараттық және қаржылық ағымдар



Материалдық ағымдар

Аралас тасымал мен интермодальдық тасымалдың салыстырмалы сипаты

Аралас тасымал	Интермодальдық тасымал
Екі я одан да көп көлік түрлері	Екі я оданда көп көлік түрлері
Тасымалдау үрдісінің жалғыз операторының болмауы	Тасымалдау үрдісінің жалғыз операторының болуы
Бірнеше көлік құжаттары	Жалғыз көлік құжаты
Бірыңғай фрахт тарифтік қойылымының болмауы	Бірыңғай фрахт тарифтік қойылымының болуы
Қатысушылардың өзара әрекетінің реттелген схемасы	Қатысушылардың өзара әрекетінің орталықтан реттелген схемасы
Жүкке деген бөлінген және нәтижесінде азайған жауапкершілік	Жүкке деген бірыңғай және нәтижесінде жоғарылаған жауапкершілік
Нәтижесі: «логистиканың алты ережесінің» орындалуының аз ықтималдығы	Нәтижесі: «логистиканың алты ережесінің» орындалуының жоғары ықтималдығы

Тасымалдау
ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ
мәселелеріне тасымалдау
үрдісінің
қатысушыларының
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ үйлесуін
қамтамасыз ету, олардың
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
мүдделерінің сәйкестігін
қамтамасыз ету, сондай-ақ
жоспарлаудың бірыңғай
жүйелерін қолдану
жатады.



Тасымалдау кешеніндегі техникалық үйлесімділік көлік құралдар параметрлерінің жекелеген түрлері ішінде, сондай-ақ тұраралық қиылыста үйлесуін білдіреді. Бұл үйлесімділік ауыспалы тасымалдарды қолдануға, контейнерлермен, жүк пакеттерімен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызады.

Техникалық үйлесімділік тасымалдаудың бірыңғай технологиясын тікелей тасымалды қолдануды ұйғарады.

Экономикалық үйлесімділік – бұл нарық конъюктурасын зерттеудің және тарифтік жүйені құрудың жалпы әдістемесі.

Бірлесіп жоспарлау кестенің бірыңғай жоспарларын жасап, оны қолдануды білдіреді.

Тасымалдау логистикасының міндеттеріне мыналар жатады:

- көлік жүйесін құру, соның ішінде көлік коридорларын және көлік тізбектерін құру (*көлік коридоры* – бұл ұлттық немесе халықаралық көлік жүйесінің бір бөлігі, ол жеке географиялық аудандар арасындағы жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Оған: қозғалмалы көлік құралдары және осы бағытта жұмыс істейтін барлық көлік түрлері мен стационарлық құрылғылары, сондай-ақ осы тасымалды жүргізудің барлық құқықтық шараларының жиыны. *Көлік тізбегі* – көліктің бір немесе бірнеше түрін қолдана отырып, белгілі бір уақыт мерзіміндегі жүкті белгілі бір қашықтыққа тасымалдау сатылары. Барлық осы уақытта жүктер өзгеріссіз қалады. Мысалы, жүк пакеті немес контейнер);
- тасымалдау-қоймалау үрдісінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ету;
- тасымалдау үрдісін қоймалау және өндірісті бірігіп жоспарлау;
- көлік құралының бірін таңдау;
- көлік құралының типін таңдау;
- жеткізудің тиімді бағытын анықтау және т.б.

2. КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ ТҮРІН ТАҢДАУ

Көлік түрін таңдау мәселесі қорлардың оңтайлы деңгейін құру және оны ұстап тұру, орау түрін таңдау және т.б. сияқты логистиканың басқа мәселелерімен тығыз байланыста шешіледі. Нақты тасымал үшін оңтайлы көлік түрін таңдау, негізгі көлік түрлерінің ерекшеліктері туралы ақпарат жинау арқылы жүргізіледі.



Көлік түрлерінің сипаты

Көлік түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Темір жол	<ul style="list-style-type: none">- Жоғары тасымалдау және жасау қабілеттілігі.- Ауа райына, жыл мезгіліне және уақытқа байланыссыз қолданылатындығы- Тасымалдау тез арада жүреді- Салыстырмалы төмен тарифтер, транзитті жіберулер үшін жеңілдіктер- Үлкен қашықтыққа жүктерді жоғары жылдамдықпен жеткізеді	<ul style="list-style-type: none">- Тасымалдаушылар саны шектеулі- Өндірістік-техникалық базасына көп капитал салымдары қажет- Тасымалдың жоғары материал және энергия сыйымдылығы- Соңғы саты орындарының қол жетімділігі төмен- Жүктер жеткілікті түрде сақталмайды

Көлік түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Теңіз	<ul style="list-style-type: none"> - Континентаралық тасымалдаудың мүмкіндігі - Ұзақ қашықтыққа тасымалдаудың өзіндік құнының төмендігі - Жоғары тасымалдау және өту қабілеттілігі - Тасымалдаудың төмен капитал сыйымдылығы 	<ul style="list-style-type: none"> - Тасымал шектеулі - Жеткізудің төмен жылдамдығы - Географиялық, ауа райы жағдайларына байланысты - Күрделі порттың инфрақұрылымын құру қажеттілігі

Көлік түрлерінің сипаты

Көлік түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Ішкі су (өзен)	<ul style="list-style-type: none">- Терең өзендер мен суаттарда тасымалдаудың жоғары мүмкіндіктері- Тасымалдаудың өзіндік құнының төмендігі- Капитал сыйымдылығының төмендігі	<ul style="list-style-type: none">- Тасымалдар шектеулі- Жүктерді жеткізу жылдамдығы төмен- Өзен, көлдердің тереңдігінің бірқалыпсыздығына байланыстылығы- Мерзімділік- Тасымал сенімділігі және жүктердің сақталу сенімділігі жеткіліксіз

Автомобиль

- **Жоғары қолжетерлік**
- **Жүкті «есіктен есікке дейін» жеткізу мүмкіндігі**
- **Жылжуы, икемділігі, өзгермелілігі жоғары**
- **Жеткізу жылдамдылығы жоғары**
- **Жеткізудің түрлі маршруттарын және схемаларын қолдану мүмкінділігі**
- **Ең тиімді тасымалдаушыны таңдаудың кең мүмкіндіктері бар.**

- **Өнімділік төмен**
- **Ауа райы және жол жағдайларына байланысты**
- **Үлкен қашықтыққа тасымалдаудың салыстырмалы жоғары өзіндік құны**
- **Жеткіліксіз экологиялық тазалық**

Көлік түрлерінің сипаты

Көлік түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Әуе	<ul style="list-style-type: none"> - Жүкті жеткізудің ең жоғары жылдамдығы - Жоғары сенімділік - Жүктің сақталуының ең жоғарғы мүмкіндігі - Тасымалдаудың ең қысқа маршруттары 	<ul style="list-style-type: none"> - Өзіндік құны жоғары, көліктің басқа түрлеріне қарағанда тарифы жоғары - Тасымалдың капитал сыйымдылығы, материалды-техникалық сыйымдылығы жоғары - Ауа райына байланысты - Географиялық мүмкіндігі жеткіліксіз
Құбыр	<ul style="list-style-type: none"> - Өзіндік құны төмен - Өнімділігі жоғары - Жүк көп сақталады - Капитал сыйымдылығы төмен 	<ul style="list-style-type: none"> - Жүк түрлерінің шектеулілігі (газ, мұнай өнімдері, шикізат материалдарының эмульсиясы). - Аз тасымалданатын жүктердің мүмкінсіздіктері

Көлік түрін таңдауға әсер ететін алты негізгі факторлар

Көлік түрі	Көлік түрін таңдауға әсер ететін факторлар					
	Жеткізу уақыты	Жіберу жиілігі	Жүкті жеткізудің тәртібін сақтау сенімділігі	Түрлі жүктерді тасымалдау қабілеттілігі	Территориялық кез келген нүктесіне жеткізу қабілеттілігі	Тасымалдау құны
Темір жол	3	4	3	2	2	3
Су	4	5	4	1	4	1
Автомобиль	2	2	2	3	1	4
Құбыр	5	1	5	5	5	2
Әуе	1	3	5	4	3	5

3. КӨЛІК ТАРИФТЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Көлік ұйымдары көрсететін
қызметтер төлем ақысы
көлік тарифтері арқылы
жүргізіледі.



Тарифтерге жататындар:

- жүктерді тасығаны үшін алынатын төлемдер;
- жүктерді тасымалдаумен байланысты қосымша операциялар үшін алынатын жинақтар;
- төлемдер мен жинақтарды есептеу ережелері.

Экономикалық категория ретінде көлік тарифтері көлік өнімінің бағасының формасы болып табылады.


Олардың құрылуы төмендегілерді қамтамасыз ету қажет:

- көліктік кәсіпорын үшін эксплуатациялық шығындарды өтеу және пайда алу мүмкіндігі;

- көлік қызметтерін сатып алушылар үшін көлік шығындарын жабу мүмкіндігі.

Әр түрлі көліктердің тарифтер жүйесінің өздеріне тән ерекшеліктері

Темір жол көлігінде
жүктерді тасымалдау құнын
анықтау үшін *жалпы,*
ерекше, жеңілдік және
жергілікті тарифтерді
пайдаланады.



Жалпы тарифтер – тарифтердің негізгі түрі. Олар арқылы негізгі жүктердің тасымалдау құнын анықтайды.

Ерекше тарифтер деп – арнайы қосымшалар немесе жеңілдіктер түрінде, жалпы тарифтерден ауытқу арқылы белгіленетін тарифтер аталады. Бұл тарифтер жоғары не төмен болуы мүмкін. Олар тек нақты жүктерге ғана таралады.

Жеңілдік тарифтері белгілі бір мақсаттар үшін жүктерді тасымалдауда қолданылады.

Жергілікті тарифтерді жеке темір жол бастықтары белгілейді. Жүктерді тасымалдағаны үшін төленетін ақы және түрлі жинақ қоймалары кіретін бұл тарифтер берілген темір жол шеңберінде қызмет етеді.

Ерекше тарифтер өнеркәсіпті орналастыруға әсер ете алады, себебі олар арқылы шикізаттың жеке түрлерін тасымалдаудың құнын реттеп отыруға болады, мысалы, тас, көмір, кварцит, кен және т.с.с. Тасымалдау құнын ерекше тарифтер арқылы жоғарылата немесе төмендете отырып, темір жолдардағы тасымалдаудың біркелкі еместігін төмендетеді.

Тасымал төлемімен бірге темір жол жүк жіберуші мен жүк алушыдан қосымша қызметтер үшін ақы алып отырады. Бұл төлем жинақ деп аталады және ол келесі операцияларды орындағаны үшін алынады: жүкті сақтағаны үшін, жүкті өлшеу немесе тексеру, вагондарды беру немесе жинау, оларды дезинсекциялау, жүктерді жөнелту және тиеу-түсіру жұмыстары, сондай-ақ басқа да бірқатар операциялар үшін.

Тасымалдау жылдамдығы. Темір жол бойымен жүк үлкен, пассажирлік немесе жүктік жылдамдықпен тасымалдануы мүмкін. Жылдамдық түрі жүктің тәулігіне қанша километр жүруі тиіс екенін анықтайды.

Жөнелту түрі. Темір жолмен жүк вагондап, контейнерлеп, аз тоннаждап – 25 т. дейін және көлемі вагонның 1/3 бөлігіндей болып жөнелтілуі мүмкін.

*Тасымалдау
арақашықтығы.*

Тасымалдау ақысы ең қысқа бағыттағы арақашықтық бойынша алынуы мүмкін, жүктік немесе үлкен жылдамдықпен жүктерді тасымалдау кезінде тарифтік қашықтыққа немесе габариттік емес жүктерді немесе жүктерді пассажирлік жылдамдықпен тасымалдау кезінде нақты өткен қашықтық үшін алынуы мүмкін.

Жүктердің тасымалдауы жүргізілетін *вагон типі*. Темір жол бойымен жүктер әмбебап, арнайы немесе изотермиялық вагондарда, цистерналарда немесе платформаларда тасымалдануы мүмкін.

Тасымалдау ақысы әр жағдайда әр түрлі болады.

Вагон немесе контейнерлердің тиістілігі. Вагон, платформа немесе контейнер темір жолға жатуы мүмкін, жүк алушының немесе жүк берушінің меншігі болуы мүмкін.

Тасымалданатын жүк саны
– тасымалдау құнына негізгі
әсер ететін фактор.

Автомобиль көлігінде жүктердің тасымалдау құнын анықтау үшін келесі тариф түрлері қолданылады:

- жүктерді тасымалдаудың кесімді тарифтері;
- ақылы автотонна сағат жағдайларында жүктерді тасымалдау тарифтері;
- уақтылы жүк автомобильдерді қолданғаны үшін тарифтер;
- километрді есептеу есебінен тарифтер;
- жылжыту құрамдардын алып келгені үшін тарифтер;
- келісім тарифтері.

*Тарифтік ақы мөлшеріне келесі
факторлар әсер етеді:*

тасымалдау қашықтығы;
жүк массасы;
автомобильдің жүк
көтерімділігін пайдалану
мүмкіндігін сипаттайтын жүктің
көлемді салмағы. Осы көрсеткіш
бойынша автомобильмен
тасымалданатын барлық
жүктерді төрт топқа бөледі:
автомобильдің жүк көтерімділігі;
жалпы жүрісі;
автомобильді пайдалану уақыты;
автомобиль типі;
тасымалдау жүргізілетін аудан,
сондай-ақ бірқатар факторлар.

Барлық жағдайларда
автомобильді пайдалану
үшін алынатын ақы
мөлшеріне тасымалдау
жүргізілетін аудан әсер
етеді. Бұл жүктерді
тасымалдаудың өзіндік
құнының деңгейінің
тұрақты түрлілігімен
түсіндіріледі.

Өзен көлігіндегі жүктерді тасымалдау тарифтері, тасымалдау жұмыстары үшін алынатын жинақтар және тасымалдаумен байланысты басқа қызметтер нарық жағдайын ескергендегі пароход шаруашылығымен анықталады. Тариф мөлшерін есептеу негізіне тарифтер мен жинақтарды енгізу мерзіміне болжамданатын қызметтердің өзіндік құны, сондай-ақ заңмен бекітілген рентабельділіктің шектік деңгейі алынады.





Теңіз көлігінде жүктерді тасымалдау ақысы не тариф бойынша, не фрахталық қойылым бойынша жүргізіледі. Егер жүк тұрақты жүк ағымының бағыты бойынша жүрсе, онда тасымалдау сызықтық кеме жүру жүйесімен жүргізіледі. Бұл жағдайда жүк кесте бойынша жүріп, белгілі бір тариф бойынша төленеді.

Бақылау сұрақтары

1. Тасымалдау логистикасы шешетін мәселелерді атаңыз.
2. Автомобиль, темір жол, су және әуе көлігінің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттаңыздар.
3. Көлік түрін таңдауға қандай факторлар әсер ете алады? Олардың ішіндегі ең маңыздыларын атаңыз.
4. Тасымалдау тарифтеріне жататын негізгі бөлімдерді атаңыз?
5. Жүктерді тасымалдау құны неге байланысты:
 - а) темір жол көлігіне;
 - б) автомобиль көлігіне?
6. Темір жол көлігінде қолданылатын жалпы, ерекше, жеңілдік және жергілікті тарифтерін сипаттаңыздар.
7. Көлік тасымалдаудың құқықтық негіздерін айтып беріңіздер.